

Қасым Аманжоловтың туғанына 100 - жиі
 “Уа, дариға, алтын бесік-туған жер”
 Фестивальдің шымылдығын кенттіктер бірінші боп ашты

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы және Қ.Аманжоловтың туғанына 100 жыл толуына арналған аудандық “Уа, дариға-алтын бесік туған жер” атты фестивалінің алғашқы бастауы Қарағайлы кентінде болып өтті. Ауданымыздағы 8-9 селодық округі мен бөлімшелердің басын қосқан бұл өнер мерекесі өзіндік ерекшелігімен айтарлықтай

Ғауһардай ойдың асылын 100 жасқа, міне, келіпті, Рахымжанұлы Қасымым! - деп төгілсе, Әнуар: Айналым Қасым ерімнен Қыран боп ұшқан жерімнен Сәлем сізге, өз мейман, Ақынның туған жерінен! - деп



жөн. Өйткені, алыс шалғайдан ат арытып, көлікті жалға алып, үлкен-кішісі бар қаншама өнерпаздары мен жанкүйерлер келіп қатысуларының өзі еңбек қой.

Сарыобалының қойылымындағы көріністік қойылымындағы ақынның жары Сақыпжамал бейнесі, Нұршуақтың орындаған “Қасым ата” әні, Бахтының Қасым поэзиясына құрылған бағдарламасы, Бүркіттің кішкентай бүлдіршін ұлы мен қыздары орындаған “Ақ сәуле, жыр жазамын жүрегімнен” атты әндері Темірші, Қарағаштан Ж.Төлеевтің орындауындағы “Ақ сәуле”, “Балғын” триосының бірнеше әндері, Томардан Бекбосын Ақпейіттің өз шығармашылығынан ақын рухына арналған өлеңдері Шәкен Әлихановтың орындаған “Жыр жазамын жүрегімнен” әні, “Желтоқсан ызғары” атты сахналық қойылымдарын айта келіп, аталмыш фестивальға жауапкершілікпен қарай білгендіктерін көрсетті.



Баяғыда өзін баласынып, менсіне қоймаған үлкенге бала: Тақия кидім торлама, Кішкене деп қорлама Кішкене адам еспей ме, Көкейіңді теспей ме? - деген екен.

Сол айтқандай “айды аспанға шығарған” Ақбай-Қызылбай бөлімшесі жайлы жеке тоқтала кетпекпіз.

Ақан Шыңғысовтың ұйымдастыруымен “Уа, дариға, алтын бесік-туған жер” атты сахналық қойылыммен келген бұл ұжымның өнерпаздығы, актерлық шеберліктері, қойылым идеясының сауаттылығы оның шарықтау шегі және басқа қырлары кәсіби маманның шебер қолынан шыққандай әсерде қалдырды. Қойылымға қатысқан негізгі кейіпкерлер мен эпизодтағы әртістердің дұрыс таңдалып алынуы, қойылым барысында орындалған әндер мен оқылған өлеңдердің біліктілікпен, көрініспен үйлесім табуы, сөйтіп, шыр-шырғасын шығармай, көрерменге ұсына білулері еріксіз таңдай қақтырды. Өте әсерлі, тартымды суреттелген “Қасымның дүниеге келуі”, қозы қуып алаңсыз ойнаған “Қасымның балалық шағы”, “Ақындық кезеңі”, “Қасымның майдандағы сәттері” нанымды бейнеленіп, сәтті шыққан. Әрбір көріністің қатысушысын атап айтуға тұрарлық, дегенмен ақын Қасымның бейнесін сомдаған Ниязбек Шаймерденді, бала Қасым, Ахмет Әсетті, әкесі Рақымжанды бейнелеген Сейісов Аманжолды ерекше атағанымыз жөн. Міне, “Өзіңнен зор шықса, екі көзің сонда шығар” дегендей алда фестиваль барысында өнер көрсететін ұжымдарға түсетін сын салмағы арта түскенін ескерткендей. Әлі алда жалғасын табар өнер мерекелерінде осындай таңдай қақтырар өнерпаз ұжымдар қатары көбейе бермек. Өйткені, “Ел іші-өнер кеніші” деп халқымыз текке айтпаған болса керек-ті.

Ендеше, тәуелсіздікті ұран еткен, ақиық ақынның жырларын жалындатқан маңызы артқан мерекелерде кездескенше, демекпіз.

Б.Мұқашева.

деңгейде өтті.

Еңселі кент мәдениет үйінің сахнасы фестивальге сай безендіріліп, сахна төрінде дауылпаз ақынның бейнесі мен “Ей, тәккапар дүние” атты шумақ өлеңі келтірілген билборд ілінді. Қазақ даласының кеңдігі мен киесін, қасиеті мен кереметін бойына жиған атақты “Сарыарқа” күйі ойналып фестиваль салтанатты түрде ашылды. Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Р.Жылтыбаева құттықтау сөз сөйлеп, Қазыналы Қарағайлының зәулім кең сарайында өткізілейін деп отырған ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығы мен жерлесіміз Қ.Аманжоловтың 100 жылдығына арналған аудандық фестивальдің мақсаты мен міндетіне, мәні мен маңызына тоқталды.

Фестиваль кент мәдени сауық орталығының өнерпаздары орындаған Қ.Аманжоловтың “Сайра, Сандуғашым”, “Жыр жазамын жүрегімнен”, “Сауыншы жеңгей” әніне қойылған бимен ашылды. Жалпы фестиваль еліміздің тәуелсіздігінің 20 жылдығы мен Қ.Аманжоловтың 100 жылдығына орай өткізілуіндегі тағы бір мақсат осы аталған тақырыптарға сай үздік к о н ц е р т т і к бағдарламаларымен көріне білген ұжымдардың ішінен алдағы үлкен іс-шараларға іріктеу жүргізу болатын.

Сондықтан ауыл өнерпаздарының өнеріне шарт қойылып, Қ.Аманжоловтың әндерін жеке және хор ұжымдарының орындау шеберліктері, бағдарламаның мазмұндылығы, көркемдік деңгейі, сахна мәдениеті, киімдерін бағалау үшін әділ-қазылар алқасы жұмыс жасады. “Тас түскен жеріне ауыр” демекші, фестивальді Қасым ауылының көркем өнерпаздары бастады. Жүргізушілер Жанерке Серікқызы мен Әнуар Қуатұлының өлең сөзбен төгілген небір әсем дауыстарында дауылпаз ақынның жерлестері екендігін мақтаныш мәртебе тұтатын сезімдері сезіліп тұрды.

Жанерке: Ойнатып өлең жасынын,

салды. Қалай сүйсінбессіз!

Қасымдықтар “Қасымның дүниеге келуі”, “Бала Қасым”, “Ақын Қасым” сияқты бөлімдерден тұратын көріністерді көрсете отырып, әрқайсысын Қасымның әндері мен өлеңдеріне жазылған әндерді шырқады. Дауылпаз



ақынның 100 жылдық мерейтойы мен еліміздің тәуелсіздігінің 20 жылдығы мерекесінің тұспа-тұс келуі тегін емес дей келіп, “қазақ елім” әнімен аяқтап, еліміздің “Бәйтерегін” орталарына алып, әр түрлі көрнекіліктермен сахна көркін кіргізді. Осы әсерлі мазмұнды бағдарламаның бел ортасында жүрген мектеп директоры Мақсат Зейнеұлын айрықша атай кеткен жөн. М.Зейнеұлы орындаған “Туған жер”, “Өзім туралы” әндері көрермен жүрегіне жол тауып жатты. Қарағанды Мейірбек, Ж.Думан, Ф.Жанғазықызы, З.Серікқызы, А.Қуатқызы, О.Дәулетжан, О.Айжарқын, Қ.Болатұлы және тағы басқа өнерпаздарының және клуб меңгерушісі Райханның да еңбектерін ризашылықпен айту керек. Бұдан соң, Сарыобалы Темірші, Қарағаш, Томар, Бақты, Бүркітті ауылдары өнерлерін ұсынды. Осы орайда шағын клубтарына жөндеу жұмыстары жүргізіліп штаттары берілген бүгінде толыққанды жұмыс істеп тұрған Қарағаш Сарыобалы.

Ақбай-Қызылбай бөлімшелерінің де фестивалға келіп қатысуы және өздерін жоғары деңгейден көрсете білуі де көңілге қуаныш ұялатты. Жалпы, осы келген барлық ауыл-село округтарының өнер көрсетілімдерінің деңгейі мен еңбектерін бағалай кеткен